

-Коэффициент оборачиваемости собственного капитала. При помощи данного показателя можно выяснить, насколько целесообразно используется капитал собственников фирмы, и насколько эти средства производительны.

$$\text{КоСК} = \frac{\text{Выр}}{\text{СрСК}} \quad (6)$$

где КоСК - Коэффициент оборачиваемости собственного капитала;

Выр – выручка;

СрСК - средняя величина собственного капитала.

Показатель целесообразно рассматривать в динамике, а также сравнить со значениями прямых конкурентов в отрасли. Повышение показателя в течение периода исследования говорит о постоянной оптимизации работы компании в этой сфере.

Список использованных источников

1. Герчикова, И.Н. Финансовый менеджмент [Текст]: Учебное пособие / И.Н. Герчикова. - М.: Инфра-М, 2016. -208 с.
2. Кодраков, Н.П. Основы финансового анализа.- М.: Главбух, 2019. -114 с.
3. Гиляровская, Л.Т. Анализ и оценка финансовой устойчивости коммерческого предприятия/ Л.Т. Гиляровская. -СПб.: Питер, 2015. - 256 с.
4. Гумерова А.Ф., Касимова Д.Ф. Принципы организации финансов. В сборнике: современные аспекты трансформации финансово-кредитной системы. Материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 110-летию Башкирского государственного университета. отв. редактор: Галимова Г.А., 2019. С. 49-51.

ӘОЖ 33.368

ҚАЗАҚСТАН РЕПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Тоимбекова Камила Кайратқызы
Калдыбекова Самал Данатарқызы

k.toimbekova@mail.ru

kaldybekova98@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қаржы мамандығының 3-ші курс студенттері,

Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Хамитхан Н.

Сақтандыруды барлық елдер үшін маңызды институт деп және нарықтық экономиканың тұрақты дамуының факторы деп тану экономикалық аксиома болды. Сақтандыру кез-келген елдің тұрақты және тепе-теңдік дамуына себебін тигізетін ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі. Біздің республикамызда соңғы жылдары сақтандырудың пайда болуы мен дамуы өтуде. Сақтандырудың қалыптасуы мен дамуы бірқатар проблемалармен ұштасуда.

Сақтандыру қызметі нарығы реформаланушы экономиканың төмендегілерге әсер ететін маңызды секторларының бірі:

- мүліктік нұқсан мен табыстағы жоғалтуларды толық және уақтылы өтеуге;

- сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметі арқылы сақтандыру қорларының уақытша бос ақша қаражаттарын (сақтандыру резервтерін, меншік капиталын) тиімді пайдалануға;

- елдің мемлекеттік бюджетінің табыстық бөлігін сақтандыру операцияларынан түсетін табыс есебінен толықтыруға.

Жоғарыдағы талдау негізінде төмендегідей қорытындыға келдім:

- Нарықтық экономика сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымын көздейді.

Оның құрамына мыналар кіреді:

- сақтандыру операцияларын реттеудің құқықтық тетігі;
- сақтанушыларға қызмет ететін субъектілер, заңды тұлғалар;
- банктік ұйымдар,
- кеңес беруші фирмалар, кадрлар дайындау бойынша мекемелер, ақпарат, баспа, жарнама, т.б. органдары.

Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу екі фактімен анықталады: тұтынушы қорғанысымен және үкіметтің жүргізетін экономикалық саясатымен.

Инвестициялық қызметті жетілдіру үшін, оның ақырғы нәтижелерін жақсарту үшін сақтандыру компанияларына қаржылық ресурстарды басқаратын бөлім құру керек. Бұл бөлім уақытша бос ақша қаражаттарын инвестициялаудың нарықтық жағдайларын зерттейді, көптеген инвестициялық жобалардың ішінен тиімдісін таңдаумен айналысады.

Банктік тәжірибені зерттеу көрсеткендей, қаржы нарығының дамуымен банктік және сақтандыру институттарының жақындасуы байқалды. Дәл осы банк және сақтандыру қызметтерінің ұштасуында соңғы он жылы революциялық өзгерістер болды. Бұл «банктік сақтандыру» идеясымен байланысты. Банктік сақтандыру – халық пен корпоративті клиенттерге сақтандыру және банк қызметтерін бірге ұсыну.

Сақтандыру компанияларының тиімді жұмыс істеуінде олардың сақтандыру нарығындағы алатын орны маңызды рөл алады. Бұл көрсеткіш екі өзара байланысты компоненттерге байланысты: қаржылық және қоғамдық. Рейтингі анықтау зерттеулердің түрлі тәсілдерімен анықталады [1].

Қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасының сақтандыру секторының дамуы интеграциялық процестермен байланысты. Сақтандыру нарығы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің интеграциялық саясат заңдарынан тыс дами алмайды. Интеграцияның негізгі мақсаты әртүрлі қаржылық сын-тегеуріндерге және қауіп-қатерлерге ден қоюға қабілетті ЕАЭО тиімді және бәсекеге қабілетті бірыңғай сақтандыру нарығын құру болып табылады. Сақтандыру нарығының бәсекеге қабілеттілігі оның қаржылық және инвестициялық әлеуетін қамтамасыз етеді.

Сақтандыру саласының даму әлеуеті, сөзсіз, оның макроэкономикалық және микроэкономикалық жағдайларымен анықталады. Осыған байланысты қазақстандық сақтандыру нарығының интеграция жағдайындағы бәсекелестік мүмкіндіктерін талдау өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда сақтандыру нарығының даму проблемаларының негізгілері болып республикада өмірді және жеке басты сақтандырудың басқа түрлерінің, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқару жүйелерін енгізудің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметі туралы статистикалық және өзге де мәліметтер базасының қол жетерлігін қалыптастыру мен қамтамасыз етудің жеткілікті түрде дамымауы табылады.

Сақтандыру секторының проблемаларының ішінде келесілерді атап өткен жөн:

- ұзақ мерзімді және өмірді жинақтаушы сақтандыруды қосқанда, ерікті сақтандыру бойынша ұсынылатын қызметтердің шектеулігі;
- сақтандыру өнімдерінің (сақтандырудың міндетті түрлерінен басқа, бұнда ақы заңдылық негізінде бекітіледі) айтарлықтай қымбат тұруы және оларға сұраныстың төмендігі;
- нарықтағы бірқатар сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз белсенділігі;
- сақтанушылардың сақтандыруға, атап айтқанда өмірді сақтандыруға қызығушылығының төмендігі;
- сақтандыру ұйымдарының өздерінің тәуекелдерін дұрыс басқара алмауы (анықтау, бағалау, есеп беру);
- сақтандыру ұйымдарының жинақтаушы өмірді сақтандыру келісім-шарттары бойынша сақтанушыларға қарыз беру жүйесінің дамымауы;
- халықтың сақтандыру нарығына деген сенімділігінің төмендігі, сақтандыру ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасының төмендігі;
- сақтандыру бизнесі облысындағы алаяқтылық [2].

Сақтандыру секторының дамуына не кедергі?

Қазақстанның 2015 жылдың соңында Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі отандық сақтандыру компанияларына шетелдік нарықтарға, ал ірі шетелдік компанияларға ұлттық нарыққа қол жеткізуге жол ашты. 2020 жылы сақтандыру секторы шетелдік компаниялар филиалдарының нарығына қол жеткізу үшін ашық болады. Сондықтан тұрақты және бәсекеге қабілетті сақтандыру индустриясын құру қажеттілігі тек күшейе түсуде. Алайда секторда сақтандырудың дамуына кедергі келтіретін шектеулер бар:

- азаматтардың өмірі мен денсаулығын ерікті сақтандыру, халықтың мүлкін және кәсіпкерлікті әртүрлі тәуекелдерден сақтандыру жеткіліксіз дамыған;
- сақтандыру компанияларының капиталдандыруы оларға қауіпті тәуекелдерді толық көлемде қабылдауға, жұмысты автоматтандыруға және өз өнімдерін дамытуға жеткіліксіз;
- сақтандыру төлемін алу кезінде жеке табыс салығының болуы;
- өмірді жинақтаушы сақтандыруды дамыту үшін экономикалық ынталандырулар мен мүмкіндіктер жоқ;
- сақтандыру нарығын әрі қарай дамыту стратегиясының болмауы.

Сақтандыру секторының өсуін қалай ынталандыру керек?

Алдымен қазақстандық сақтандыру компанияларында инвестициялаудың немесе инвесторлардың қосымша көздерін іздеу қажеттілігі туындағанын атап өтеміз. 2020 жылы мәселе коронавирустық пандемияға байланысты өзекті болды, бұл бүкіл әлемдегі елдердің экономикалық дамуына теріс әсер етіп, бизнестің барлық салаларына әсер етті. Нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар институционалдық жобаларды іске асыру үшін қажетті салыстырмалы түрде арзан инвестицияларды тартудың өзектілігі артты.

Сақтандыру компаниялары іс жүзінде инвесторлар болып табылатынын және инвестициялау валютасы теңгенің шегінен шығатынын ескере отырып, олар халықаралық қаржы нарықтарына қол жеткізуге ұмтылады. Ал Қазақстанда "Астана" халықаралық қаржы орталығы — Astana International Exchange (AIX) биржасының ашылуымен осындай мүмкіндік шындыққа айналды.

AIX-тің артықшылығы-ол жұмыс істейтін нормативтік-құқықтық орта жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Бір жағынан, бұл шетелдік инвесторлар тарапынан биржаға қол жеткізуді жеңілдетеді, ал екінші жағынан, жергілікті инвесторларға қосымша кепілдіктер береді. Сонымен қатар, сақтандыру компаниялары инвесторлар ретінде әрекет ету және белгілі бір қаржы құралдарын сатып алу мүмкіндігіне ие болады, ал АХҚО қатысушысы мәртебесін алған жағдайда, бұл қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуды білдіреді, компания барлық артықшылықтарға қол жеткізеді. Олардың қатарына АХҚО халықаралық сотында қорғау, "English Common Law" жалпы құқығына негізделген заңнаманы пайдалану, жеңілдетілген валюталық режимді пайдалану кіреді [3].

Кесте-1 Сақтандыру компанияларының 2019 жылғы даму көрсеткіштері (мың теңге)

№	Сақтандыру компаниясы	Пайда	Активтер	Залал
1.	ЕВРАЗИЯ СК	29 015 925	250 750 014	155 525 527
2.	NOMAD LIFE СК	9 500 379	134 747 304	16 678 308
3.	HALYK LIFE	8 444 372	176 230 837	29 070 463
4.	ВИКТОРИЯ СК	7 958 391	96 507 223	91 603 694
5.	HALYK СК	7 357 034	111 855 647	51 615 315
6.	KASPI СТРАХОВАНИЕ	5 342 915	14 776 571	11 038 231
7.	NOMAD INSURANCE	5 134 093	28 706 093	10 015 211
8.	EUROPEAN INSURANCE COMPANY	3 916 770	17 040 324	7 446 220
9.	KAZAKHEXPORT	2 714 331	88 003 709	79 013 915
10.	KAZAKHMYS СК	1 784 361	46 581 875	11 251 704
11.	STANDART LIFE СК	1 399 322	34 714 752	4 713 848

12.	JYSAN GARANT СК	1 388 216	16 730 321	8 979 229
13.	ЛОНДОН-АЛМАТЫ СК	1 015 308	12 582 546	7 694 553
14.	МЕМЛЕКЕТТІК АННУИТЕТТІК КОМПАНИЯ	762 507	37 275 358	5 202 596
15.	FREEDOM FINANCE LIFE	445 911	18 117 851	4 603 277
Ескерту: Дереккөз [4]				

1-кестеде сақтандыру компанияларының қысқаруы нарықтағы ойыншыларды күшейтті. Атап айтқанда, соңғы бес жыл ішінде сақтандыру компанияларының активтері екі есе өсті, ал 2018 жылы алғаш рет 1 трлн теңгеден асты. 2019 жылдың соңында активтер 1,2 трлн теңгені құрады.

Активтер құрылымында ең көп үлес бағалы қағаздардан құралды – 64,3%. 2019 жылдың басынан бері олардың көлемі 42,5% -ға артып, 775,1 млрд теңгені құрады. Өз кезегінде екінші деңгейдегі банктердегі депозиттер 5% -ға қысқарып, 181 млрд теңгеге жетті, ал қайта сақтандыру активтері айтарлықтай төмендеді – 38,3% және 69,1 млрд теңгені құрады.

Сонымен қатар, капиталдың өсуі сақтандыру секторының қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруына ықпал етті. 2019 жылы капитал көлемі 18,2% артып, 553,3 млрд теңгені құрады. Осыған қарамастан, секторда шоғырланудың жоғары деңгейі сақталуда. Сақтандыру компанияларының жиынтық көлеміндегі ондықтың үлесі 83,3%, меншікті капитал 82,2%, сақтандыру сыйлықақылары 72,8%, сақтандыру төлемдері 84,3%.

Сақтандыру компанияларын нығайту нәтижесінде сыйлықақылардың көлемі 32,1% -ға артып, 508,5 млрд теңгені құрады. Сақтандыру сыйлықақыларының ең көп үлесі азаматтардың өмірін, денсаулығы мен басқа да мүдделерін қорғауға бағытталған ерікті жеке сақтандырудан алынды. Ерікті мүліктік сақтандыру сыйлықақылардың 35,3% -ын құрады, ал қалған 24,2% сыйлықақылардан міндетті сақтандыру бойынша түсті.



Сурет 1 – Қазақстан сақтандыру нарығы

Ескерту: Дереккөз [5]

2019 жылы «жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 21,9% -ға өсіп, 360,2 млрд теңгені құрады. Өз кезегінде, өмірді сақтандыру саласындағы сыйлықақылардың өсуі 66,2%, ал көлемі – 148,3 млрд теңгені құрады. Сонымен қатар, аннуитеттік сақтандыру нарықты дамытудың локомотиві болды, оның сыйлықақыларының мөлшері 106,6% өсіп, 71,4 млрд теңгеге жетті.

Бір қарағанда, мұндай динамика саланың жоғары даму деңгейін көрсетеді, алайда шетелдік тәжірибемен салыстырғанда Қазақстанның көрсеткіштері айтарлықтай артта қалып отыр. Мәселен, еуропалықтар айлық жалақысының төрттен бір бөлігін сақтандыру сыйлықақыларына жұмсайды. Нәтижесінде, Еуропадағы өмірді сақтандыру бойынша компаниялар ірі институционалды инвесторлардың бірі болып табылады, олар экономикадағы инвестициялық кірістің шамамен 42% -ын құрайды. Қазақстанда сектордың кірістілік көрсеткіштері шетел валютасындағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгергіштігіне сезімтал. Сақтандырудың қол жетімді артықшылықтарының мөлшері минималды, бұл өз кезегінде қызметтерге төмен сұранысты құрайды.

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын әлемдік сақтандыру нарығына ықпалдастыру қажеттілігін ескере отырып, сақтандыру компаниялары қатаң бәсекелестік күрес жағдайларында сақтандырудың дәстүрлі түрлерінің бәсекелестік артықшылықтарын анықтауы немесе құруы қажет.

Тұтастай алғанда, Қазақстанның сақтандыру нарығын жақын перспективада сақтандырудың әлемдік аренасында бәсекеге қабілетті сақтандыру нарығына айналдыру сақтандыру нарығының, әсіресе отандық сақтандыру нарығын әлемдік сақтандыру нарығына интеграциялау процестерінде мемлекеттік қолдаудың болуы ғана мүмкін болатынын атап өту қажет [6].

Қорытындылай келе, қаржылық-экономикалық дағдарыс және экономикалық тұрақсыздық жағдайында сақтандыру нарығы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын экономикалық тетіктердің бірі болып саналады. Ол халық қаражаттарын ел экономикасына тарту арқылы экономиканың өсуіне алғышарт жасайды, сондай-ақ, азаматтар мен ұйымдарды сақтандыру арқылы оларға сенім артады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сақтандыру нарығы//https://kk.wikipedia.org/wiki/Сақтандыру_нарығы
2. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің сайты//https://works.doklad.ru/view/zVCJJe3_D5s/all.html
3. Қазақстан мен әлемнің қаржы-экономикалық саласын талдау жөніндегі сараптамалық портал //<http://finreview.info>
4. Қазақстан сақтандырушылар қауымдастығының "қызмет қорытындылары" ЕСЕБІ (2017). Астана
5. ҚР Ұлттық банкі//<https://www.nationalbank.kz/ru>
6. Сембеков А.К. (2015). ЕАЭО сақтандыру нарықтарын реттеу ерекшеліктері. Қазіргі ғылымның хабаршысы. Ғылыми-теориялық журнал-қазіргі ғылымның Жаршысы. Ғылыми-теориялық журнал, 8, 86. Волгоград: "Сфера" Баспасы»

УДК 336

ПРИНЦИПЫ УПРАВЛЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТЬЮ БАНКОВСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Трофимова Альфия Рашитовна

dilaraif@mail.ru

Магистрант Института экономики, финансов и бизнеса БашГУ,

г. Уфа, Республика Башкортостан, Россия

Научный руководитель –Касимова Д.Ф.

Важнейшие принципы управления безопасностью банковской деятельности включают в себя [1, с.26]:

- Согласование управления безопасностью банковской деятельности с бизнес-стратегией для поддержки организационных целей;
- Управление и смягчение рисков и снижение потенциального воздействия на ресурсы банка до приемлемого уровня.